

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Биология және биотехнология факультеті
Генетика және молекулалық биология кафедрасы




Тақырыбы: «*Құқықтық сауаттылық – уақыт талабы*».



Орындаған: ББ 18-06

Алматы, 2021

Мақсаты



- 1. Студенттердің құқықтық білімдерін тексере отырып, жауапкершілікті арттыру, алдына мақсат қоя білуге баулу.*
- 2. Студенттердің ойлау, тыңдау, сөйлеу мәдениетін дамыту, сөздік қорларын молайту.*
- 3. Конституцияны, құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.*

Міндеттері:


1. Студенттердің конституциялық міндеттері мен құқықтары жайлы білімдерін бекіту;

2. Құқықтық сананы қалыптастыруға , заңды құрметтеуге, атазаң талаптарын орындауға тәрбиелеу;

3. Еліне, халқына абыройлы қызмет етуді ұғындыру ;



- *Құрметті ұстаздар мен студенттер!*
- Мемлекетіміздің ата Заңының 1 – бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырылды.
- **«Оның басты қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары»** деген қастерлі сөзді кіргізген.
- Бүгінгі құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан мағлұмат алғаны дұрыс. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан заңды білу – заман талабы.
«Құқықтық сауаттылық – уақыт талабы» атты ашық тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!





***Құқықтық
сауаттылық дегенді
қалай түсінесіз? Өз
құқығыңызды
қаншалықты білесіз?***

Құқықтық сауаттылық дегенді қалай түсінесіз? Өз құқығыңызды қаншалықты білесіз?



Нурдана:

Құқықтық сауаттылық әр адамға керек. Әсіресе, қазіргі заманда. Себебі қазір барлық жерде заң үстемдік етеді. Заң жүрген жерде әр адамның құқығы қоса жүреді. Барлық адам тең құқылы. Ешкімнің ешкімге зәбір көрсетуге, әлімжеттік жасауға құқы жоқ. Бұл әр адам білуі керек болған құқықтық сауаттылықтың әлқисасы. Сонымен тағы нені білуіміз керек дегенде, мыналарды ескерген жөн. Еліміздегі әр тұрғын тегін орта білім алуға, тегін медициналық тексерістерден өтуге құқылы. Бұл мемлекеттің өз азаматтарына жасаған дүниесі. Әлеуметтік желіге көз салсаң, ана дәрігер ақша бермесең қарамаймын деді, мына мұғалім төрттік, бестік баға үшін сыйлық сұрады деген жаңалықтарды көзіміз шалып жатады. Бұл жерде адамның құқығы тапталып жатыр.

Құқықтық сауаттылық дегенді қалай түсінесіз? Өз құқығыңызды қаншалықты білесіз?

Камила:

Құқықтық сауаттылық - ол мемлекеттің құқықтық негіздерімен, нормаларымен таныс болу. Яғни өз құқығын білген адам ғана кез келген ситуациядан оңайлықпен шыға алады. Мысалы отбасындағы құқық бұзушылық, мектеп, ЖОО-дағы құқық бұзушылық. Осылардың барлығын алдын алу үшін өз құқығымызды білуіміз қажет. Сол себепті құқықтық сауатты болу қазіргі қоғам үшін өте маңызды. Өз құқығымды 100% білмесем де, негізгі аспектілерінен хабардармын.



Құқықтық сауаттылық дегенді қалай түсінесіз? Өз құқығыңызды қаншалықты білесіз?

Айгерім:

Құқықтық сауаттылық дегенді еліміздің Ата заңының өзіме керек тармақтарын білу деп білемін. Мысалы өзім көлік жүргіземін. Соған байланысты заңды толық оқып, өзіме керектерін жаттап алдым деп айта аламын. Себебі заңды білмеген болсам көлік жүргізуге құқығым жоқ деп ойлаймын. Құқығымды толық білемін, өзімнің құқығымды таптатпайтын осы елдің азаматшасымын.



Құқықтық сауаттылық дегенді қалай түсінесіз? Өз құқығыңызды қаншалықты білесіз?

Балжан:

Құқық деген, менің ойымша, адамдарға, айналадағы болып жатқан құбылыстарға сенің жеке қатынасың. Яғни қоғамдағы алатын орныңды білу, жете түсіну және оны ситуацияларда қолдана білу құқықтық сауаттылықты көрсетеді. Әр жеке тұлғаның өз құқығын білуі бірінші өзіне деген, содан кейін басқаларға деген сыйластығын білдіреді. Мысалы мен қоғамдық ережелерді сақтай отырып, басқа адамдардың жеке өміріне қол сұғудан сақтанамын. Менің ойымша, құқық сөзі «әділеттілік» деген сөзбен ассоциация жасайды.



Құқықтық сауаттылық дегенді қалай түсінесіз? Өз құқығыңызды қаншалықты білесіз?



Айгерим:

Құқықтық сауаттылық өз орнын қоғамда білу және түсіну деп есептеймін. Әр адамның жеке құқығы - оның комфортты зонасы және оны бұзуға ешкімнің құқығы жоқ деп ойлаймын. Яғни әркімнің өз құқығы бар. Өз құқығымды заңды түрде түбегейлі білмесе де, күнделікті болып жатқан жағдаяттарға қатысты дүниелердің дұрыс немесе бұрыс екендігін ажырата аламын деп ойлаймын.



Құқықтық сауаттылық дегенді қалай түсінесіз? Өз құқығыңызды қаншалықты білесіз?



Жаннетта:

Құқықтық сауаттылық. Адамның жеке басының бостандығына, өмір сүру деңгейіне құқықтық сауаттылықты меңгерудің маңызы зор. Өйткені қай елде, қай жерде жүрсек те, әр адам өзінің құқығын қорғай алуы керек. Сонымен қатар өз құқығын басқаға таптатпау қажет. Құқық бойынша қазіргі таңда бірнеше заңдар мен талаптар бар. Осыны оқыған әрбір азамат жеке басының құқығын қорғай алады.

Өз құқығымды күнделікті өмірде де қолданып жүрмін. Мәселен мен ҚР-ның азаматшасы ретінде сөз бостандығы, яғни өз пікірімді айтып, ақпарат алуға, өмір сүруге құқығым бар.

Құқықтық сауаттылық дегенді қалай түсінесіз? Өз құқығыңызды қаншалықты білесіз?



Нургуль:



«Құдыққа құлан құласа құрбақа құлағында ойнайды» деген атадан қалған сөз бар. Адам қоғамда қаншалықты әлжуаз болса, соншалықты өзгелерден жапа шегеді. Өз құқығыңды білмесең қолынан келгендер қонышынан басудан тайынбайды. Бірақ қазіргі таңда көзі ашық буын әлеуметтік желіде болсын құқық тұрғысында сауатты болуға тырысады. Кез келген жеке шығармашылық туындыға авторлық құқық заңдастырылған. Сондықтан да адамдар ноктаның тізгінін өкіметке ұстата салып жатады. Қандай жағдай болмасын өз жолын білген адам опық жемейді, қия баспайды.

Тұлғаның құқықтық мәдениеті ең алдымен білім алуымен қалыптасады. Құқықтық мәдениет құқық нормаларына сәйкес құқықтарды қолдана алу біліктері мен дағдыларын қарастырады.

Әр адамның құқықтық мәдениетінен әлеуметтік топтар мен барлық қоғамның құқықтық мәдениеті қалыптасады.

Тұлғаның құқықтық мәдениеті келесі көрсеткіштеріне байланысты болып келеді:

- - құқықты білу және түсіну;
- - жеке сенімі негізінде құқықты құрметтеу;
- - құқықты пайдалана алу біліктілігі;
- - құқық нормаларының талаптарына бағыну.



Біздің елімізде адам құқықтары Ата Заңымыз – Қазақстан Республикасының Конституциясында көрініс тапқан. Ол 9 бөлім, 98 баптан тұрады. Оның екінші бөлімінің 30 бабы құқыққа арналған.

Әрбір еліміздің жеке тұлғасына үшін қарастырылатын «сенің құқығың» – баптарын еске түсірейік.



1. 2. «Сенің құқығың!»

14 – бап

1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.
2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.



15 – бап

1. Әркімнің өмір сүруге құқығы бар.
2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай – ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар.



16 – бап

1. Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар.
2. Заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады.
3. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.



17– бап

1. Адамның қадір – қасиетіне қол сұғылмайды.
2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық – зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір – қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.



19 – бап

1. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету – көрсетпеуге хақылы.
2. Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым – қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар.




22 – бап

1. Әркімнің ар – ождан бостандығына құқығы бар.
2. Ар – ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс.



25 – бап

1. Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.
2. Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Заңда көрсетілген санаттағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан олардың шама – шарқы көтеретін ақыға беріледі.





Қазақстан Республикасының Конституциясында — Қазақстан Республикасы өзінің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратыны аталған. Бұл еліміз үшін мәртебелі мақсат. Сондай-ақ, *Қазақстан Республикасының Конституциясының 1 – бабында: «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», — деп баян етілген.*

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуының басты алғышарттарының бірі – азаматтардың құқықтық білімін жетілдіру, құқықтық мәдениетін қалыптастыру, әсіресе оның құрамды бөлігі – адам құқығының мәдениеті. Адам құқықтары туралы ақпаратпен жүйелі қамтамасыз етудің қажеттілігі маңызды екенін ескерсек, онда бұл салада адам құқығы мәдениетін қалыптастыруда маңызды құралдың бірі – білім беру ұжымдары десек қателеспейміз.



Қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі – қылмыстың, құқық бұзушылықтың алдын алу. Бұны бүгінгі таңда барлық деңгейдегі шенеуніктерден бастап, құқық қорғау органдары қызметкерлері, ұстаздар мен ата-аналар, азаматтар да түсінуде. Құқық бұзушылық жөнінде «Құқық бұзушылық дегеніміз – адамның қоғамға, мемлекетке немесе жеке тұлғаға зиян келтіретін, соңы заң алдындағы жауаптылыққа апаратын құқыққа қайшы әрекеті немесе әрекетсіздігі», — деп көрсетілген. Қоғамда тәртіп орнамаса, ол құлдырайды, яғни келешегі болмайды.



Жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға, қоғамдық тәртіпті сақтауға, заңды жауапкершілікті сезінуге өз үлесін қосатын, атсалысатын субъектілердің бірі — **оқу орындары** болып табылады. Оқу орнында жасөспірімнің азаматтық, патриоттық, адамгершілік, салауаттық, құқықтық, мәдени, шығармашылық т.б. қасиеттерін дамыту және қалыптастыру процесі жүзеге асырылады. Бұл ұжым мүшелеріне үлкен жауапкершілік пен міндет жүктейді.



Құқық бұзушылық пен келеңсіз жағдайларды барынша болдырмау және алдын алу, оның зияндылығы мен қауіптілігін түсіндіруде — өскелең ұрпаққа құқықтық тәрбие беру, оның мақсат – міндеттерін дұрыс түсіндірудің маңызы ерекше. Құқықтық тәрбие беру жан — жақты тәрбиелеудің маңызды бір саласы. **«Құқықтық тәрбие мақсаты – оқушыларда құқықтық мәдениет пен құқықтық әрекет – қылық қалыптастырып, оларды құқықтық заңдылық талаптарын түсінуге әрі мойындауға баулу»**, — деп анықталған.



Құқық қоғам мен қоғамның әрбір мүшесінің бүкіл өмірін қамтып жатады. Құқықтық мәдениеті төмен дамыған адам тек заңның өрескел бұзылған жағдайында ғана оған зейін аударады да, құқықтық талаптарды мойындамаған көп жағдайларды байқамайды.

Заңды білмеу — құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайды. Бұл жерде оқушы заң және құқықтық мәдениет ұғымын шатастырмау керек. Құқықтық мәдениет оқушыдан жан-жақты құқықтық білімдерді талап етеді.



Адамның құқықтық мәдениеті — күрделі психологиялық құбылыс. Бұл құбылыс қоғамның, мемлекеттің көптеген маңызды салаларында көрінеді. Ең бастысы адамгершілікті адам тұлғасының сапалық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал жасайтын тәрбие құралдарының бірі — орынды тәртіп және мінез-құлық тәрбиесінің жоғары деңгейінде болуы. Сонымен адамның құқықтық мәдениеті дегеніміз — орынды тәртіп пен мінез-құлық, жан-жақты құқықтық білімдері мен заңды құрметтеу, құқықты қорғау іс-әрекетінің терең бірлігі.






**Ой сергіту сәті:
сұрақ-жауап**

Конституция сөзінің аудармасы қандай?

(Құрылым, өкілім)



ҚР-ның биліктің бірден бір бастауы

ХАЛЫҚ



A photograph of the President of the Republic of Kazakhstan, Kassym-Jomart Tokayev, sitting at a desk in a formal setting. He is wearing a dark suit and glasses, and is looking down at a document in his hands. Behind him are two blue Kazakh national flags and a large, ornate golden coat of arms of the Republic of Kazakhstan. The coat of arms features a sunburst, a eagle, and a banner with the word "QAZAQSTAN".

Республика заңдары қай кезде күшіне енеді?

(Президент қол қойғаннан кейін)



КОНСТИТУЦИЯ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

Егемендік алғаннан кейін ҚР-
да Конституция қанша рет
қабылданды?

(2-рет
1993 жылы 28-қаңтар, 1995
жылы 30-тамыз)

Республикадағы жоғары заң шығарушы органды ата?

(Парламент)



Қасым ханның қасқа жолы қанша тараудан тұрады?

(5

тараудан)



ҚР өзін қандай мемлекет ретінде орнықтырды?

(Демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік)

The background of the slide features a large, waving Kazakh flag with its characteristic sun and eagle emblem. In the foreground, the silhouettes of a group of people are visible, standing on a dark horizon and looking towards a bright sunset over a body of water. The overall scene is atmospheric and patriotic.

ҚР Конституциясының 17-бабы не туралы?

(Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды)

Құқық дегеніміз не?

(Мемлекет тарапынан заңдастырылған және қорғалатын жалпыға бірдей міндетті нормалар жүйесі)



Қорытынды

Құрметті оқытушылар мен студенттер!
Біз бүгінгі «Құқықтық сауаттылық – уақыт талабы» атты тәрбие сағатымызды қорытындылай келе, сіздердің келешекте өз білімдеріңізді шыңдай, рухани жан дүниеніңізді байыта отырып, өз құқықтарыңызды жете меңгеріп, еліміздің жақсы азаматы болуларыңызға сенім артамыз. **Бауыржан Момышұлы** атамыз «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деп айтқандай қашанда Ата-заңымызды қорғауға, бекітілген тәртіпке бағынуға, өз құқықтарыңызды орынды пайдалана білуге шақыра отырып, бүгінгі іс-шарамызды аяқтаймыз.
Сіздерге әрқашанда сәттілік тілейміз!